



Т.Б. Сағымжанова* , Н.Б. Сағындық 
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: *sagymzhanova.t@mail.ru, sagyndyknb@gmail.com)

Парсы-түркі халықтары фольклорлық дәстүріндегі типологиялық ұқсастықтар

Аңдатпа. Мақалада дәуірлер сабақтастығында болып жатқан рухани үйлесімділік сипатталады. Заманымыздың өзекті мәселесі – фольклордағы түркі дүниетанымы мен қазақ халқының ұстанымдарының орны мен бағасын анықтау. Түркі халықтарының мол байлығының жиынтығы саналатын қисса-дастандар, ғашықтық жырлар, батырлар жыры және т.б. әлемдік өркениетте де ерекше сипатқа ие. Олардың тарихи, құрылымдық табиғатын зерттеу барысында ғалымдар фольклорлық дәстүрлердің сабақтастығына, типологиялық ұқсастығына назар аудара бастады. Мақалада Шығыс ғашықтық жырларының Алтын Орда-қыпшақ дәуірінде түркі әдебиетіне келу үдерісіндегі өзгеріс-ұқсастықтарының типологиялық сипаты егжей-тегжейлі қарастырылады.

Зерттеу мақаланың негізгі бөлімінде парсы-түркі халықтары фольклорлық дәстүріндегі ортақ діңгек анықталады. Фольклорлық дәстүр жеке өз алдына жанр болып, халықтың рухани байлығының бастауына айналғандығы айқындалады. Авторлардың көзқарасындағы дін мен мәдениеттің берілу формаларының қаншалық шеберлікке сүйенгендігі байқалады. Қос өркениетті қоғамның арасындағы «алтын көпір» бола білген шығармалардың адамзат өміріне әкелген жаңалықтары мен пайдасының ұшан-теңіздігі көрініс табады. Бірқатар зерттеушілердің пікірлері жинақталып, оған қосымша түсініктеме беріледі. Әлем деңгейіндегі ғылымның зерттеу нысанына айналған көркемдік шынайылық пен фольклорлық дәстүр арасындағы өзара байланыстың қаншалықты нығыз орныққанына қорытынды бөлім арқылы нақты тұжырымдама береді.

Түйін сөздер: фольклор, назирашылдық, типология, жанр, ұқсастық, өзгешелік, ғашықтық жырлар, дәстүр.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2024-149-4-175-183>

Түсті: 19.09.2024; Жөнделді: 25.11.2024; Мақұлданды: 12.12.2024; Онлайн қолжетімді: 28.12.2024

Кіріспе

Түркі әлемінің, оның ішінде Алтын Орда-қыпшақ рухани құндылықтары өзінің түпсіз терең көркемдігі жағынан оқырмандар мен зерттеушілерді бей-жай қалдыра алмады. Зерттеу барысында біз фольклорлық дәстүрдегі үлгі мен түркілердің бай мұрасының арасындағы өзгеріс-ұқсастықтары турасында біртұтас пікірдің орныға алмауының себептеріне тоқталамыз. Н. Келімбетовтың «Ежелгі дәуір әдебиеті» оқулығы түркі халықтарының жырларындағы ерекшеліктерді автордың өзінің қолтаңбасы деп ұғындырылса, А. Қыраубаеваның «Ежелгі әдебиет» еңбегінде бұл мәселе сол замандағы

халықтардың тұрмыс-тіршілігімен байланыстырылады. Бұл жердегі даулы мәселе назиралық үлгіде біздің заманымызға дейін жеткен кейбір жырларды көшірме ретінде қабылдаймыз ба, әлде, тыңтума шығарма ретінде қабылдаймыз ба? Құтып шайыр жырлаған «Хұсрау уа Шырын» дастаны әзірбайжан ақыны Ганжави Низамиден алынған. Ганжави Низами шайырдың парсыша туындысын Құтып ақын оғыз-қыпшақ тіліне еркін аударып, нәзирагөйлік әдіспен жырлап шыққан. Осы жерде «нәзирагөйлік» әдіс жөнінде мағлұмат беріп өткенді жөн көреміз. Бұл терминді қазақ әдебиеттану ғылымында алғаш М.Әуезов қолданған. Ол: «Әр тақырыптың әр ақында қайталануы еш уақытта аударма деп тану керек емес. Ол өзінше бір қайта жырлау, тыңнан толғау немесе ақындық шабыт-шалым сынасып, жырмен жарысу есепті бір салт еді. Шығыс поэзиясында бұл салтты заңды деп біліп, осы дәуірде «Нәзира», «Нәзирагөйлік» деп атау берген» [1, 150].

Кез келген халықтың дәстүр, мәдениет, дүниетаным және тарихына қатысты белгілі бір деңгейде ауызша әдебиеті, яғни фольклоры бар. Түркі халықтарының баға жетпес рухани байлығы да осыған негізделген.

Фольклорлық шығармалардың құндылығы жөнінде Максим Горький: «Сөз өнерінің басы ауыз әдебиетінде, оны жинаңдар, одан үйреніңдер», - деген [2, 30]. Осы пікірге сүйене отырып, Құтып шайырдың әдеби мұрасын бүгінгі ғылымның өзекті мәселелері ретінде айқындай түсудің маңызы зор.

Халықтық сипатқа ие болған фольклорлық дәстүрдің кейіпкерлері мен сюжеттерінде типологиялық ұқсастықтың бар екенін жоққа шығару мүмкін емес. Мысалы, Алтын Орда-қыпшақ дәуіріндегі «Махаббатнама», «Қисса Жүсіп», «Жұмжұма», «Хұсрау-Шырын», «Гүлстан би-т түркі» еңбектерінің түркі әлеміндегі мән-мағынасы мен түркі әлеміне дейінгі кезеңдердегі нұсқалары арасындағы байланыс қаншалықты нығыз екендігі бүгінгі таңдағы зерттеулердің нысанына айналып отыр.

Фольклордың маңызды рөл атқаратынына көз жеткізу оңай шаруа емес. Бірнеше мәдени бірлестіктерді бір ортаға шоғырландыратын фольклордың табиғаты әдебиетке тән. Бұған бірнеше ғасыр бұрынғы әдеби-мәдени қатынастардан шабыттанған парсы-түркі халықтарының шығармалары дәлел. Парсы-түркі халықтары туындыларының типологиялық ұқсастығын егжей-тегжейлі зерделеу барысында тарихи кезеңнің аспектілері уақыт өте қайталанатындығын атап өтуге болады [3]. Біз фольклорлық дәстүр мен әдеби дәстүрлердің арасындағы айырмашылықты анық білуіміз керек. Бұл туралы фольклортанушы ғалым Мұхтар Әуезов төмендегідей ой айтады: «Көпке мәлім болған тақырыпты тарихи шындықтар бойынша шығыста бір классик жырлаған тақырыпты келесі буында, тағы бір шығыс ақыны қайталап, әңгіме ететін, тың дастандар шығаратын дәстүр бар еді» [2, 150]. Фольклор дәстүрінің әдебиет дәстүрінен өзгешелігі – берілген сюжетті яки оқиғаны бұзбай, өзгертпей ұсынуында. Бұл туралы С. Қасқабасов «Ойөріс» еңбегінде терең қарастырған.

Жоғарыда аталған жұмыстардың өзіндік хронологиялық жүйесі бар екені анық. Уақыт пен кеңістікті әртүрлі тәсілдермен берудің үлкен мәні бар. Әр ақын өз танымындағы ойды қосары анық. Бірақ қандай да бір деңгейде ол негізгі дінгектен көп ауытқымайды. Қазіргі түркі ақындары парсы ақындарының шығармаларының түркі дүниетанымына қаншалықты сәйкес келетінін бейнелейтіні белгілі. Мақаланың негізгі идеясы да осыған сәйкес келеді. Парсылар мен түркілер арасындағы фольклорлық байланыстардың ерекшеліктері мен ұқсастықтарын сақтай отырып, осы адамдар арасындағы рухани байланыстарға көз жүгірту. Шығармашылық тұрғыдан алғанда, әлемдік фольклордың даулы мәселелеріне жауап іздеу және дұрыс көзқарас жасау біздің мақаламыздың басты мақсаты болмақ.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанымыздың жұмыс материалы ретінде халықтық фольклордағы дәстүрлер туралы кеңінен зерттеген атақты орыс ғалымы, профессор А.Н. Веселовскийдің пікірлері Э. Бертельс, Н. Келімбетов, А. Қыраубаевның еңбектері алынды. «Шығыс классикалық

әдебиетінің ғажайып үлгілері XIII-XV ғасырларда ұлан-ғайыр қыпшақ даласына кеңінен тараған еді. Фирдоуси, Низами, Сағди сияқты есімдері әлемге мәшһүр Шығыс ақындарының шығармаларын Алтын Орда мен Орта Азия түркілерінің сол кездегі әдеби тіліне көптеп аударып бастады» [4, 353] деген Н. Келімбетовтың пікіріне назар аударатын болсақ, біздің мақаламыздың негізгі өзегіне жақындай түсеміз. Мақаламыздың негізгі бөліміне қойылған мақсат-міндеттерге жету үшін фольклортанушылар мен әдебиетшілердің арасындағы тұжырымдарды талдау барысында салыстырмалы-салғастырмалы, жүйелі-кешенді және әдеби-тарихи секілді зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды. Сонымен қатар, зерттеу еңбегіміздің теориялық негізі ретінде Қирабаев С.С., Қабдолов З.Қ., Қасқабасов С.А., Бердібай Р.Б., Елеукенов Ш.Р., Нұрғали Р.Н. құрастырған «Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық» еңбегі, Келімбетов Н. сынды зерттеуші ғалымның «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» еңбегі және Қасқабасов С.А., Аймұхамбет Ж.Ә. «Қазақ фольклоры» еңбегі басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижесі

Ежелгі түркі дүниетанымынан және онымен байланысты адамдармен қарым-қатынасынан бастау алған әдебиетіміз дәстүрлі деңгейге көтерілді. Парсы-түркі халықтарының әдебиеті арасындағы типологиялық ұқсастықтар осының әсері. Тарихи, мәдени, эстетикалық, баяндау және қаһармандық типтегі адамдар арасындағы қарым-қатынас әлі де құнды болып табылады.

Зерттеу жұмысымыздың теориялық негізі ретінде алынған бірқатар еңбектердің ішіндегі, әсіресе, «Қазақ әдебиетінің тарихы»: Он томдығындағы (Қирабаев С.С., Қабдолов З.Қ., Қасқабасов С.А., Бердібай Р.Б., Елеукенов Ш.Р., Нұрғали Р.Н. 2006:450) парсы-түркі халықтарының қазынасына айналған «Хұсрау уа Шырын» дастаны туралы тың деректер сараланып, Құтыптың нұсқасындағы ғашықтық дастанының Низами нұсқасынан айырмашылығы талқыланады. Кейіпкерлеріндегі ұқсастықтар мен айырмашылықтардың ара-жігі анықталып, жаңашылдығы жазылады.

Құтып ақын өмір сүрген заманның Ислам дәуіріне тұстас келуін ескерер болсақ, дастанның соңғы жағына қосып берілген жаңа тараудың мағынасына көз жүгірткен дұрыс. Бұл туралы Н. Келімбетовтің «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» зерттеуінде кеңінен жазылған. Бұл еңбектегі пікірге жүгінсек дастанның діни-мистикалық сипатқа ие болғанын айтады. Мақаладағы негізгі идеяға жақындау барысында «Хұсрау уа Шырын» поэмасындағы негізгі өзектілік – парсы-түркі халықтарының арасындағы мәдени қарым-қатынастың прогрессивті нұсқасы деген ой келтірілді.

Мақалада жоғарыда айтылған еңбектердің әрқайсысына сүйене отырып, зерттеу нысанына айналған шығармаға жан-жақты ғылыми-теориялық талдау жасалынды.

Талқылануы

Фольклор – ұлттық құндылықтардың негізі қаланған құбылыс. Қазақ халқының ұлттық фольклорға деген көзқарасы көптеген ғасырлар бойы басты қатарда тұрды. Десек-дағы, фольклорымыз тек ұлттық құндылықтарды жинақтаумен шектеліп қалған жоқ. Керісінше, ол сондай-ақ жалпыадамзаттық құндылықтарды тарта білді. Оның басты себебі – түркі халықтарының өмірі мен мәдениетінің, руханиятының әдеби-эстетикалық құндылықтарды бағалай білуінде деп санаймыз. Сонымен бірге, Түркі жерінде дүниеге келген сансыз туындылар туыстас және көршілес халықтар дастандарымен әлеуметтік факторлар жағынан ғана емес, сюжеті, образы, көркемдігі қырларынан да тұтасып, үйлесіп жатты. Мұндай процестер қарқын алған әдебиеттерде типологиялық өзгеріс-ұқсастықтар орын алмай тұрмайды. Яғни, типологиялық ұқсастықтардың болуы да заңды құбылыс.

Нәзирагөйлік дастандардың өзге фольклорлық жанрлардан негізгі ерекшеліктері: көлемділігі, композиция мен мазмұн жағынан күрделі болып келуі, оларда бірнеше жанрдың кезігуі және оқиғаларының шытырман болуы [5, 279].

Орта Азия халықтары мен парсы-түркі халықтары арасындағы байланыстар берік орныға бастады. Біріншіден, олар шекаралық байланыстар болды десек, екіншіден, олар

тұрмыстық-әлеуметтік және мәдени-әдеби қатынастардан болды. Яғни, мәдениеттері мен әдебиеттері типологиялық ұқсастықтарға толы. Бұл халық фольклорына әмбебап реңк берді. Мысалы, «Кәлила мен Димна» – араб-парсы тілінде жазылған, шығыстық үлгідегі жалпыадамзатқа ортақ қазына. Түп-тамыры үнді халықтарымен де байланысқа түсетін бұл шығарманы парсы тілінен аударған түркі ақындары шығармаға жалпыадамзаттық реңк берген. Шығармада кездесетін Ануширван, Аяз, пери, пир, Рустам, райхан, саз, Симуриг, суфий, Тараз (Талас), Тұран, Хумай, Хызыр сөздері – парсы халықтарына да, түркі халықтарына да ортақ ұғымдар. Ануширван, Аяз сынды қалалар Тараз (Талас), Тұран болып кездеседі. Ал, Хумай мен Хызыр сөздері – қазақ даласына кеңінен тараған Ұмай мен Қызыр сөздері.

Сондықтан, шығармада халықтық ұғымдардың ұқсастығы табылды. Ал шығармадағы Симуриг құсы – парсы дүниетанымының нан пісірушісі, мифтік үй қызметшісі, ерліктің символы. Ал Түркі тайпасының Самруқ құсы – аспан, жер және жердің еркін қонақтарының атымен аталған қасиетті құс. Түркі дүниетанымында бұл өте қасиетті құс болып саналады. Мұндай типологиялық ұқсастықтар халықтың дәстүрлі фольклорында жиі кездеседі. Одан кейінгі мәселе – әдеби байланыстардың арасында назирашылдық үлгінің кең етек алуы. Яғни, бір сюжетке жазылған бірнеше шығарманың болуы. Бірақ, барлығы бір уақытта жазылуы мүмкін емес. Мүмкін ғасырлар, мүмкін жылдар. Низамидің әйгілі «Хұсрау және Шырын» шығармасын 2-3 ғасырлардан кейін, түркі ақыны Құтып қыпшақ-оғыз тілінде жазып шығарды. Низамидің «Хұсрау мен Шырын» дастаны мен Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны – нағыз назиралық стиліндегі махаббат туындылары. Әдебиетте мұндай құбылыстар өте көп. Бірақ Құтып ұсынған нұсқада ұқсастықпен қатар айырмашылықтар да болды. Белгілі орыс ғалымы Э. Бертельс: «Құтыптың еңбегі тура мағынада тікелей аударма емес. Кей жерлерде ақын түпнұсқадан ауытқиды» деп жазады [6, 353].

Әдебиеттанушы ғалымдардың пікірі екіге жарылады. Бір тобы: «Құтып Низамидің бұл шығармасын аударған» деген пікірге тоқталса, екінші тобы: «Құтып Низамидің шығармасын өз танымына салып, жаңалап берген» деген пікірді қолдайды. Қалай болғанда да, парсы тіліндегі шығарманың оғыз-қыпшақ тілінде көрініс табуы – мәдени прогресс. Г. Алиев: «Құтыптың поэмасы Низамидің «Хұсрау уа Шырын» поэмасынан қысқартылып жасалған қысқаша аударма» [7, 164], - деген пікір айтады. Оны Құтыптың мына сөзінен көруімізге болады:

«Низами назмы йаңғы туз сөзуңни,
Анын билгүт хаңыңға бу өзүңни.

Низамидің өлеңіне ұқсас түздім сөзімді,
Соны білдір ханыңа бұл өзіңді» [8, 8].

Низами заманына дейінде, Құтып заманында да шығарманы билеушісіне арнау үрдісі дамыған. Негізінен алғанда, жалпы сюжет те биліктен қатты алыс емес. Отандас ғалымымыз А. Ибатов: ««Хұсрау уа Шірін» поэмасының тілінде қыпшақ тіліне тән қосымшаның, қыпшақ элементі басым» [9, 18], - деген пікір айтса, Н. Баскаков: «Поэмаңның тілі – Алтын Орданың әдеби тілдеріне жататын қыпшақ тілі, ол ұйғыр тілінің ықпалына ұшыраған» [10, 57], - дейді.

Енді біздің алдыға қойған мақсатымызға жақындай түссек. Екі шығарманың бір-біріне ұқсастығы тек сюжетте емес, сонымен қатар мифологиясында да жатыр. «Хұсрау мен Шырында» парсы мен түркінің мифологиясы өте жақсы суреттелген. Ф.И. Урманче түркі мифологиясының 10 элементіне тоқталып, осы элементтер негізінде парсы мифологиясының байланысын көрсетеді. Мысалы, түркілердің аспан, жер және жер астының шығу тегі туралы өз білімдері бар екенін бәріміз білеміз. Бұл жағдайда әлемде консенсус болуы мүмкін емес. Парсылардың өз білімі бар екені анық. Мысалы, «көк Құдай» ұғымы туралы айту бізді көптеген зерттеулерге жетелейді. Исламға дейінгі заманда бұл ұғым кең тараған. Низамидің «Хұсрау мен Шырыны» осы уақытқа түспа-түс келеді. Құтыптың ұсынған нұсқасындағы Көк Тәңірісі Алла сөзімен ауыстырылады. Бұл

заңды құбылыс, себебі өмір сүруші орта, уақыт пен кеңістіктің өз өлшемі бар. Құтып «Бисмилаһир раһманир раһим» деп шығармасын бастауының өзі осының дәлелі. Сонан соң Құтып Низами шығармасында кездесетін ұлықтау деген сөзді тәуһид, жалбарыну дегенді мінәжат қып қолданады. Алла Тағалаға қатысты мадақтауын былай келтіреді:

«Иди аты бирле башла сөзүңни,
Ким ол бар қылды йоқтың бу өзүңни.

Тануқ барча халайық барлиқинга,
Даліллар һәм өкүш бар бирликинга.

Ие (Алла) атымен баста сөзіңді
Кім ол бар қылған жоқтан өзіңді.

Қуә барша халайық барлығына
Дәлелдер де көп бірлігіне» [8, 8].

Шығармадағы осы жолдар Ислам мәдениетімен бірге келді десек қателеспейміз. Бұл жолдар Құранның алғашқы аяттарына сәйкес келеді. «Аллаһум тағаланың тәуһидін айур» деген бөлімде Алланың жалғыз екенін айта келіп, тек Аллаға мінәжат ету керектігін айтады.

Шығармада қиялшыл ертегілік мотивтер кездеседі. Мысалы, бұл дастанда Шырынның патшалық таққа отырғаны дәріптеліп, зәлімдер мен зәбірлеушілердің аластатылуы, елдің береке-бірлікте өмір сүре бастауы тәрізді жағдайлар ертедегі адамдардың арман-мүддесінің орындалып, мақсатына жетуі сияқты ертегіге жақын фольклорлық сарын орын алады. Сондай-ақ, Иран патшасы Хормуздың бір балаға зар болуы, Құдайдан бала тілеуі, тілегінің қабыл болып дүниеге ұл келуі, есімін Хұсрау қоюы да осыған дәлел. Яғни, бұл үзіндіден перзентсіздік желіге құрылған фольклорлық негізді байқаймыз.

Енді шығарманың сюжетіне назар салсақ. Бұл екі шығарма да екі жастың арасындағы кіршіксіз сезім, сүйіспеншілік, махаббат туралы. Жамандық пен сатқындық та, өтірік пен адамгершілік те, бүкіл ғаламға ортақ мейірімділік пен ізгілік те бұл жырды айналып өтпейді. Низами нұсқасындағы және Құтып нұсқасындағы бұл сезімдер барлық қоғамдарға тән ең ерекше белгілер болып табылады. Бұл негізінен аңызға айналған оқиға. Низами заманына дейін билік құрған Сасанилер әулетіндегі Хұсрау II Парвиздің хан болғаны жазылады. Кейіннен Хормуз ханның баласы Хұсрау хан болуының өзі типологиялық ұқсастыққа келетін сыңайлы. Атадан балаға қалатын мұрагерлік жол ирандықтардың да мәдениетінде кездескен сыңайлы. «Жазылмаған дала заңдары» атты түсініктің бар екені баршамызға аян. Біз оны көбіне көп Шыңғысханмен байланыстырамыз. Демек, Шыңғысханның заманына дейінгі уақыттың да өз айтары бар екенін көріп отырмыз.

Қалай десек те, Хормуз да, оның баласы Хұсрау да тарихта болған адамдар. Ал, Шырын сұлу Хұсрау патшаның асыл жары ретінде тарихта кездесетіні баршамызға аян. Екі автор да Хұсраудың Шырын сұлудың сұлулығын алыста жатып еститіндігін айтады. Түркітанушы ғалым Ә. Нәжіп: «Ақын Низами романының жай аудармасын бермейді, ол өз елінің өмір тіршілігіне қарай лайықтап жазады» [11, 83] деген пікір білдіреді. Бұл пікір өте орынды десек қателеспейміз. Шығармадағы сюжеттің жетуі бар, кейіпкерлердің жетуі бар. Соған қарамастан, сол кездегі адамдардың түсінігін тереңдету өте үлкен жұмыс. Мысалы, Құтып шығармашылығының басты кейіпкері Хұсрауды оқырманға бірнеше образда ұсыну керек деп есептейміз. Дастанның басында тамаша Хұсрау, содан кейін ойын-сауық үшін аш Хұсрауға айналады, ал соңында рақымды, қайырымды патшаға айналады. Мұнда «адамгершілік» категориясы нақты көрсетілген. Поэмадағы Фархад – махаббатқа адал, еңбекқор жан түрінде бейнеленгенмен, оның өмірі трагедиямен бітеді. Осы үш образға тән бойларындағы аталып өткен қасиеттерді фольклорлық үлгілерде көптеп кездестіреміз.

Бұл оқиға Алтын Орда-қыпшақ тұсындағы әдебиетте кеңінен ұшырасады. Оның басты себебі – еңбек арқылы қоғамға ықпал ету. Құтып өзінің сүйікті патшасына айналған

Тыныбекке арналған сәлемдемесі болуы мүмкін. Түркі тектес халықтардың ортақ қайғылары мен қуаныштары патшаларда және оған бағынышты халықтың арасындағы қарым-қатынасқа тікелей байланысты. Хұсрау басқара алмаған мемлекеттің Шырынның заманында гүлденуі осының белгісі.

«Енді қой мен қасқыр қатар тұрып,
Бір бұлақтан су іше бастады» [12, 86].

Осы жолдар ойымыздың дәлелі. Метафоралардың сәтті әрі, ұтымды пайдаланылуы Құтыптың шеберлігі саналады. Парсы дүниетанымындағы бейбітшілік ұғымы түркі дүниетанымында көрініс тапты. Түркі көшпенділерінің философиясымен үндестік – нағыз шеберлік. Осындай метафораның көмегімен Құтып өз мәдениетінде ел кодын жеткізе білді.

Парсы-түркі мәдениетіндегі фольклордың халықтық дәрежеге жеткенінің тағы бір көрінісі – халықтық психология сынға түсті. Жаугершілік заман да, екі ұлттық боздақтарын аяй қоймады. Соғыс заманында сатқындық сынды қасиеттер алдыңғы қатарға шығатынын ескерсек, Құтыптың билеушілердің халыққа жасаған сан мыңдаған сатқындығын жырға қосады. Дүниеге алданған адамдардың бір-біріне деген сатқындығын да ұмыт қалдырмайды. Бұл халықтар арасындағы әлі күнге шешілмей келе жатқан типологиялық ұқсастық. Оны жырда былай көре аламыз:

«Дүние үчун қылма тар,
Көңүл тарлығы қадғу катрүр ай йар.

Дүние үшін қылма көңіл тар,
Көңіл тарлығы қайғы келтірер, әй жар [12, 217].

Дүниенің бар байлығын алтын деп қарап, адамзаттық құндылықты келесі орынға қоятын жандар сол қоғамның да ауыр дертіне айналған. Енді мына жолына назар аударайық:

Мана болуб керакмаз мунда қалсан
Атанин таж уа тахтин йаға килсан

Агар шаһлиққа өайра тексенкен сән
Дәриға мән қатинда болмағаймән [12, 218].

Маған бола керек емес мұнда қалсаң,
Атаңның тәж бен тағын жауға қисаң.

Егер шахтыққа қайта келмесен сен,
Дариға-ай, мен қасыңда болмаймын.

Жырдың негізгі идеяға қосқан үлкен жаңалықтары осылай көрініс тауып отырды. Халықтық фольклорға қосылған бұл жыр – қос халықтың да інжу-маржанына айналды.

Құтыптың «Хұсрау уа Шырын» дастаны ауыз әдебиеті жанрына өте бай. Халықтық идея мен мүддені өте шебер түрде пайдалана білген. Халық фольклорындағы тұрмыс-салт, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, аңыздар, ертегілер, айтыс өнерін образ жасауда, кейіпкерлер бейнесін ашуда қолданған [13, 15].

«Хұсрау уа Шырын» дастанында айтыс үлгісі де кездеседі. Шырын Хұсраудың айтысына бүкіл іштегі сезімін білдіреді. Хұсрау болса қыз сезіміне жауап беріп, үйленеді. Осы тұста фольклорлық негіз ретінде үлкен той жасалады. Тойда асыл тастардан шашу шашылады [14, 174]. Фольклорлық шығармалардағы той дәстүрі ертеден бар екен.

Фольклорлық негіздерді терең меңгерген ақын шығармасы осы мәселелерді толық айғақтайды.

Қорытынды

Осылайша, парсы-түркі халқының мәдени-әдеби қарым-қатынасы ежелгі дәуірден бастау алады және тарихпен байланысты. Біздің мақалада Исламға дейінгі дәуір мен Алтын Орда дәуіріндегі адамдар арасындағы әдеби байланыс дәстүрлі өмірге қайта оралатыны көрсетілген. Жасыратыны жоқ, көптеген ақындардың назиралық үрдістегі шығармалары әлі күнге дейін түркі тілділердің ортақ қазынасы болып саналады.

Фольклор елдің дүниетанымымен, тұрмыс-тіршілігімен, мәдениетімен тығыз байланысты екенін ескерсек, парсы-түркі фольклорының типологиялық ұқсастығының әр түрлі себептері бар. Қазіргі уақытта парсы-түркі халықтарына ортақ осы тектес шығармалар болашақ ұрпақ үшін мұра болатыны сөзсіз.

Мүдделер қақтығысы

Мақалада мүдделер қақтығысы жоқ.

Авторлардың қосқан үлесі

Сағымжанова Т.Б. - парсы-түркі халықтарына ортақ «Хұсрау-Шырын» дастанын фольклорлық дәстүрлерге сәйкес типологиялық ұқсастықтары негізінде қарастырады. Алтын Орда-қыпшақ дәуірінде нәзирагөйлік әдіспен жазылып, жырланған дастанның фольклорлық дәстүрден алшақтамай, өз бойына ұлттық құндылықтарды жинақтауымен ерекшеленетінін көрсетеді. Сағындық Н.Б. - мақаланың кіріспе, әдебиетке шолу бөлімдері бойынша материалдарды шоғырландырған.

Әдебиеттер тізімі

1. Әуезов М. Әр жылдар ойлары. – Алматы: Жазушы, 1959. – 556 б.
2. Самойлович А. Истории среднеазиатско-турецкого языка. – Ленинград, 1928. – 222 с.
3. Boyle J.A. «Persian Literature». A History of Persian Literature. –Cambridge University Prrress, 2019.
4. Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы: 4-том. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Рарирет, 2014. – 448 б.
5. Қасқабасов С. Ойөріс. – Алматы, 2009. – 303 б.
6. Бертельс Е. Литература народов Средней Азии от древнейших времен до XV века н.э. – Москва: 1939. – 272 с.
7. Алиев Г. Легенда о Хосрове и Ширин в литературах народов Востока. –Москва, 1960. – 164 с.
8. Кутб. Хосров и Ширин. – Казань, 1969. – 487 б.
9. Ибатов А. Құтбтың «Хұсрау уа Шірін» поэмасының сөздігі. – Алматы: 1974. – 279 б.
10. Баскаков Н. Введение в изучение тюркских языков. – Москва, 1969. – 383 с.
11. Наджип Э.Н. Историко-сравнительный словарь тюркских языков XIV века. Книга 1. – Москва, 1979. – 478 с.
12. Зайончковский А.О. О некоторых избранных работах в польском востоковедении в области тюркологии, арабистики и иранистики // Советское востоковедение. – Б.м., 1957. – С. 159-166.
13. Қабдолов З. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Санат, 2003.
14. Сағымжанова Т.Б., Сағындық Н.Б., Алкая Е. Хұсрау-Шырын» поэмасы және түркі халықтарының эпикалық мұрасы // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы. – 2023. – №4 (145). – Б. 99-108.

Т.Б. Сагымжанова, Н.Б. Сагындық

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Типологические сходства в фольклорной традиции персидско-тюркских народов

Аннотация. В статье описывается духовная гармония, происходящая в череде эпох. Актуальная проблема современности - определение места и оценки тюркского мировоззрения и позиций казахского народа в фольклоре. Киссы, поэмы, любовные поэмы, героические поэмы и т.д., которые представляют собой совокупность богатств тюркских народов, также имеют особый характер в мировой цивилизации. Изучая их историческую, структурную природу, ученые стали обращать внимание на преемственность, типологическое сходство фольклорных традиций. В статье подробно рассматривается типологический характер изменений-сходств восточных любовных псалмов в процессе прихода к тюркской литературе в эпоху Золотой Орды-Кипчака. Вариант, начавшийся в прошлые эпохи, не утратил своей цены и сегодня. Обращает на себя внимание тот факт, что философия и психология героев идут параллельно, опираясь на традиции двойной цивилизации.

В основной части исследовательской статьи определяется общая основа фольклорной традиции персидско-тюркских народов. Раскрывается, что фольклорная традиция стала самостоятельным жанром и стала началом духовного богатства народа. С точки зрения авторов, прослеживается, насколько сильно опираются формы передачи религии и культуры. В произведениях, ставших «Золотым мостом» между двумя цивилизованными обществами, отражаются все новшества и выгоды, которые они принесли в жизнь человечества. Обобщаются мнения ряда исследователей и дается дополнительное объяснение. В заключительной части дается четкое представление о том, насколько прочно закрепилась взаимосвязь между художественной подлинностью и фольклорной традицией, ставшей объектом исследования науки мирового уровня.

Ключевые слова: фольклор, типология, жанр, аналогия, любовные поэмы, традиция.

T.B. Sagymzhanova, N.B. Sagyndyk

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

Typological similarities in the folklore tradition of the Persian-Turkic peoples

Abstract. The article describes the spiritual harmonies occurring in the succession of epochs. An urgent problem of our time is to determine the place and assessment of the Turkic worldviews and positions of the Kazakh people in folklore. Kissas, poems, love poems, heroic poems, etc., which represent the totality of the wealth of the Turkic world, also have a special character in the world civilization. In the course of studying their historical and structural nature, a number of scientists who have undergone numerous discoveries began to pay attention to the continuity and typological similarity of folklore traditions. The option that began in past eras has not lost its value today. It is noteworthy that the philosophy and psychology of the characters run in parallel, based on the traditions of a dual civilization. In the main part, it turns out that the cult in the folklore tradition of the Persian-Turkic peoples is common. In the author's view, it is clear how many forms of transmission of religion and culture rely on mastery. The "golden Bridge" between two civilized societies is what brings discoveries and benefits to the life of mankind. The opinions of a number of our researchers will be summarized and additional clarifications will be given. The final part provides a clear definition of how close the connection between authenticity and folklore is, which has become the subject of world science research. Folklore tradition has become an independent genre and has become a source of spiritual wealth of the people. After all, folklore is intertwined with folk traditions.

Keywords: folklore, typology, genre, analogy, love poems, tradition.

References:

1. Auezov M.O. Ar zhyldar oilary. [Thoughts of different years.] (Almaty, 1959, 556 p.) [in Kazakh]
2. Samoylovich A. Istorii sredneaziatskogo-tureckogo yazyka. (Leningrad, 1928, 222 p.) [in Russian]
3. Boyle, J. A. "Persian Literature." A History of Persian Literature. (Cambridge University Press, 2019)
4. Kelimbetov N. Koptomdyk shygarmalar zhinagy [Collection of multi-volume works], Volume 4. Ancient literary relics of the Turkic peoples (Raritet, Almaty, 2014, 448 p.) [in Kazakh]
5. Kaskabassov S. Oioris. [Worldview] (Almaty, 2009, 303 p.) [in Kazakh]
6. Bertels E. Literatura narodov srednei Azii ot drevneishih vremen do XV veka n. e. [Literature of the peoples of Central Asia from ancient times to the XV century A.D.], Novyi Mir, No. 9. (Moscow, 1939, 272 p.) [in Russian]
7. Aliyev G. Legenda o Hosrove I Shirin v literaturah narodov Vostoka. [The Legend of Khosrow and Shirin in the literatures of the peoples of the East.] (Moscow, 1960, 164 p.) [in Russian]
8. Kutb. Khusrau Shirin. (Kazan, 1969, 487 p.)
9. Ibatov A. Kutbtun «Husrau ua Shirin» poemasynyn sozdigi [Dictionary of Qutb's poem "Khusrow wa Shirin".] (Nauka, Almaty, 1974, 18 p.) [in Kazakh]
10. Baskakov N. Vvedenie izuchenie turkskih yazykov [Introduction to the study of Turkic languages] (Moscow, 1969, 57 p.) (in Russian).
11. Najip E.N. Historical and comparative dictionary of Turkic languages of the XI century. Based on the material of Khosrau and Shirin by Kutba. Book 1. (Moscow, 1979, 478 p.) [in Russian]
12. Zaionchkovsky A.O. O nekotoryh izbrannyh rabotah v polskom vostokovedenii v oblasti turkologii, arabistiki i iranistiki. [On some selected works in Polish Oriental studies in the field of Turkology, Arabic studies and Iranian studies.] (Soviet Oriental Studies, 1957, 48 p.)
13. Kabdolov Z. Tandamaly shygarmalar. (Zhazyshy, Almaty, 1993.) [in Kazakh]
14. Sagymzhanova T.B., Sagyndyk N.B., Alkaya E. "Khusrau-Shyryn" dastanynyn folklorlyk negizi [Folklore basis of Qutb's poem *Khusrow wa Shirin*], Bulletin of L.N.Gumilyov Eurasian National University. Philology Series, 4 (145), P. 99-108 (2023). [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Сағымжанова Т.Б. – PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Сағындық Н.Б. – филол.ғ.к., аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан. ORCID: 0000-0001-6796-286X.

Сағымжанова Т.Б. – PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Сағындық Н.Б. – к.филол.н., старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан. ORCID: 0000-0001-6796-286X.

Sagymzhanova T.B. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6944-1224.

Sagyndyk N.B. – Candidate of Philological Sciences, Senior Lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID: 0000-0001-6796-286X.



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).